

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 06 желтоқсандағы N 258 Қаулысы. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 6-9-126 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 31 қаңтарында № 9 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2012.01.31 № 9 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 - бабының 6 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарына барлық кандидаттарының үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп белгіленсін.

2. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылсын.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарысу ауданы әкімі аппаратының басшысы Ж.Бапановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Ж.Омаров

« К Е Л І С І Л Д І :

Сарысу аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының

т ө р а ғ а с ы
Е . И м а ш е в

06 желтоқсан 2011 жыл

Сарысу

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

6

желтоқсандағы

№ 258 қаулысына қосымша

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Қала және елді мекен атаулары	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Жаңатас қаласы	2 шағын ауданда орналасқан тақта 3 шағын ауданда орналасқан тақта 6 шағын ауданда орналасқан тақта Жібек жолы көшесінің бойында орналасқан тақта С.Мұқанов және Бейбітшілік көшелерінің қиылысындағы тақта А.Иманов көшесінің бойында орналасқан тақта С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің жанындағы тақта
2	Саудақент ауылы	Сұлтанғазиев көшесінің бойында орналасқан тақта Сұлтанғазиев және Төле би көшелерінің қиылысындағы тақта
3	Ақтоғай ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
4	Ұ.Сыздықбайұлы ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
5	Арыстанды ауылы	Арыстанды орта мектебінің жанындағы тақта
6	Түркістан ауылы	М.Әуезов атындағы орта мектебінің жанындағы тақта
7	Үшбас ауылы	Үшбас орталау мектебінің жанындағы тақта
8	Ұйым ауылы	Ы.Сүлейменов атындағы орта мектебінің жанындағы тақта
9	Жаңаталап ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
10	Игілік ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
11	Өндіріс ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
12	Жайылма ауылы	Ауылдық клуб алдындағы тақта
13	Маятас ауылы	Фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң ғимараты
14	Қызылдихан ауылы	Ауылдық кітапхана ғимараты
15	Жайлаукөл ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
16	Қамқалы ауылы	Т.Әубәкіров атындағы негізгі мектебінің жанындағы тақта
17	Шығанақ ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
18	Шағалалы ауылы	Шағалалы орта мектебінің жанындағы тақта
19	Досбол ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта
20	Тоғызкент ауылы	Тоғызкент ауылдық аймағы әкімінің аппараты ғимаратының алдындағы тақта
21	Әбілда ауылы	Ауылдық клуб жанындағы тақта